

Мақала
FTAMP 16.21.51

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-42-51>

С.Қ. Иманбердиева 

филология ғылымдарының докторы, профессор,
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: imansaule@mail.ru

ЗООТОПОНИМДЕР – ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОД РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада зоотопонимдер негізінде халықтың әлеуметтік жағдайы мен атау талғамы бойынша танымы айқындалады. Жер-су атаулар уәжінің әлеуметтік негізінде халықтың жан-дүниесі, бітімі, болмысы сақталған, сондықтан да атау тағуда халықтың әлеуметтік тұсы мен психологиялық негіздері ұштасып жататындығы мысалдармен дәйектелген. Зоотопонимдердегі жиналған халықтың тәжірибесіне сай ақпаратты ашуда ұлттық таным, әлеуметтік-психологиялық код ретіндегі танымдық қызметіне айрықша мән берілген. Атаулардың прагматикалық (бағыт/бағдар, нысан ерекшелігі т.б.) әлеуеті зерделеніп, олардың халықтың ғасырлар бойы жинақтаған таным-түсінігі, әлемді қабылдаудағы тасымал құрал ретіндегі орны айқындалған.

Мақаланың мақсаты – зоотопонимдер мағынасын талдау негізінде әлеуметтік әрі психолінгвистикалық ерекшелігін айқындау, зоотопонимдердің әлеуметтік-психологиялық код ретінде атау тағудағы уәжі арқылы халықтың танымын, рөлін анықтау. Зоотопонимдердегі әлеуметтік, психологиялық уәжге қатысты ақпаратқа талдау жүргізу, ғылыми негіздемесін әзірлеу, жүйелеу.

Зерттеу әдістері: статистикалық әдіс, типологиялық әдіс, дескриптік тәсіл, сауалнама, концептуалды, компоненттік (семантикалық) талдау.

Зерттеу жұмысы лексика-семантикалық, когнитивтік бағытта орындалған.

Бір жағынан – мәдени таным, екінші жағынан – тұрмыс тіршілік, үшінші жағынан – белгі, нысан ретінде зоотопонимдердің екіншілік атау нәтижесі тұрғысынан халықтың болмысының әлеуметтік-психологиялық коды айқындалады.

Мақаланың практикалық маңыздылығына оның негізгі нәтижелерін әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, ономастика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану тәрізді теориялық курстарда, сондай-ақ қазақ тілін оқыту практикасы үшін семинарларда қолдануға болатыны жатады.

Тірек сөздер: зоотопоним, әлеуметтік маңыз, психологиялық код, нәтиже, әлеуметтік лингвистика.

С.Қ. Иманбердиева

доктор филологических наук, профессор, Казахский агротехнический
исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
Казахстан, г. Астана, e-mail: imansaule@mail.ru

ЗООТОПОНИМЫ КАК СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ КОД

Аннотация. В статье на основе зоотопонимов определяются знания народа о социальном статусе и вкусе выбора названий. На социальной основе мотивации топонимов сохраняются душа, гармония и самобытность народа, следовательно, в именовании соединяются социальные аспекты и психологические основы народа. Особое внимание уделено когнитивной функции, согласно хранившегося опыта населения в зоотопонимах как национального знания, социально-психологического кода, в раскрытии информации. Изучен прагматический потенциал названий (направление, особенность объекта и т.п.), определено их место как средства передачи восприятия мира.

Цель статьи – определить социальные и психолінгвистические особенности зоотопонимов на основе анализа их значения, определить роль народа в создании зоотопонимов как социально-психологического кода. Анализ информации, связанной с социальными и психологическими мотивами в зоотопонимах, разработка и систематизация научного обоснования.

Методы исследования: статистический метод, типологический метод, описательный метод, анкетирование, концептуальный, компонентный (семантический) анализ.

Исследовательская работа проводилась в лексико-семантическом, когнитивном направлении.

Зоотопонимы представляют собой социально-психологический код, определяющий существование народа вследствие вторичного названия: с одной стороны – культурные знания, с другой – образ жизни, с третьей – знак, объект.

Практическая значимость статьи заключается в том, что ее основные результаты могут быть использованы в таких теоретических курсах, как социолінгвистика, психолінгвистика, ономастика, когнитивная лингвистика, лингвокультурология, а также на семинарах по преподаванию казахского языка.

Ключевые слова: зоотопоним, социальное значение, психологический код, результат, социолингвистика.

S. Imanberdiyeva

Doctor of Philological Sciences, Professor,
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University,
Kazakhstan, Astana, e-mail: imansaule@mail.ru

ZOOTOPONYMS AS A SOCIO-PSYCHOLOGICAL CODE

Annotation. The article, based on zootoponyms, determines the population's knowledge of social status and taste in choosing names. On the social basis of motivation for toponyms, the soul, harmony and identity of the people are preserved, therefore, naming combines the social aspects and psychological foundations of the people. Particular attention is paid to the cognitive function, according to the stored experience of the population in zootoponyms as national knowledge, socio-psychological code, in the disclosure of information. The pragmatic potential of names (direction, feature of an object, etc.) has been studied and their place as a means of conveying the perception of the world has been determined.

The purpose of the article is to determine the social and psycholinguistic features of zootoponyms based on an analysis of their meaning, to determine the role of the population in the creation of zootoponyms as a socio-psychological code. Analysis of information related to social and psychological motives in zootoponyms, development and systematization of scientific justification.

Research methods: statistical method, typological method, descriptive method, questionnaire, conceptual, component (semantic) analysis.

The research work was carried out in the lexical-semantic, cognitive direction.

Zootoponyms are a socio-psychological code that determines the existence of a people due to a secondary name: on the one hand, cultural knowledge, on the other hand, a way of life, on the third hand, a sign, an object.

The practical significance of the article lies in the fact that its main results can be used in theoretical courses such as sociolinguistics, psycholinguistics, onomastics, cognitive linguistics, linguoculturology, as well as in seminars on teaching the Kazakh language.

Keywords: zootoponym, social meaning, psychological code, result, sociolinguistics.

Кіріспе

Әлеуметтік топонимикада халықтың бар болмысы анықталады, себебі тұрмыс-тіршілігі, талғамы, талабы осы атауларда көрініс табады. Халықтың әлеуметтік мәселесі мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін зоотопонимдерде айқындалуы заңды. Әлеуметтік топонимика мен атау тағудағы психология мәселесін көтерген шетелдік те, отандық та ғалымдар жетерлік. Олардың бірі халықтың жан дүниесін анықтауға бағытталса, екіншісі – қолданбалы тұрмысқа бағытталған.

Халық тіршілігімен тікелей байланысты топонимиканың қалыптасуы оның әлеуметтік-экономикалық жағдаяты, мал шаруашылығына қолайлы жер бедері, флорасы мен фаунасы, ауа-райына байланысты уәж туындатады.

Этнос ретінде ұлт болмысын, ұрпақ сабақтастығын, болашақтағы бағдарын анықтау, әлемдік аренада өз орнын жоғалтпау, оны нығайту сияқты келелі мәселелерді шешу аясында зоотопонимдерді ұлттың болмысын айқындаушы әлеуметтік-психологиялық код ретінде зерттеу – өзекті мәселелердің бірі. Мәселен, Папуас т.б. кішігірім халықтар неліктен жоғалып кетпей сақталып отыр, себебі ата-баба кәсібін, дәстүрін, таза ұлттық болмысын сақтап қалған. Жапон сияқты алпауыт мемлекет те ұлттық құндылыққа баса назар аударады, ал қазақ халқының дәстүрі, ата-баба кәсібі болашақта мындаған ұрпаққа нәсіп, мұра болары сөзсіз. Сондықтан да осы бағыттағы зерттеулер жүргізілуі қажет.

Осы уақытқа дейін онимдерді, соның ішінде зоотопонимдерді атау тағушы, атауды қолданушы халықтың таным-түсінігін, талғамын айқындауда әлеуметтік-психологиялық код ретінде зерттеу жұмыстары, кешенді түрде жүргізілген еңбектер жоқтың қасы, сондықтан зерттеу нәтижелерін осы бағыттағы еңбектерде, қазақ тілінің ономастикалық ішкі корпусының базасын толықтырып, жетілдіруде де пайдалануға болады.

Материал және әдістер

Өзін қоршаған ортаға атау тағу тұрғысынан әлемді қабылдауда өзіндік әлеуметтік, психологиялық негіздерді айқындау ұлт ретінде қалыптасудағы маңызды факторды ашу деп санауға болады.

О бастағы кәсібі мал шаруашылығы болған қазақ халқының зоотопонимдерді қалыптастырудағы әлеуметтік, психологиялық негіздерін айқындау үшін алғашқы кезекте атаулардың саны анықталды, одан кейін осы бағытта жазылған еңбектерге шолу жүргізілді, үшінші кезекте зоотопонимдердің әлеуметтік-психологиялық мәнін ашу үшін сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі жекеден көпшеге топтастырылып, ғылыми тұрғыдан сарапталды. Соңғы кезекте зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды жасалып, болашақта зерттеудің басым-бағыттары айқындалды.

«Топонимдер қоғамға қақпа ретінде (Абуи тәжірибесі негізінде)» атты мақаласында ғалымдар Абуи топонимдерінің туризмді дамытудағы әлеуметтік-экономикалық ақпаратын қарастыра отырып, жергілікті халықтың ландшафтпен тығыз байланысын айқындау негізінде топонимдерде жергілікті тұрғындардың «аграрлық тұрмыс-тіршілігіне» басымдық беретін ақпарат сақталғандығын анықтаған. Сонымен бірге авторлар топонимдерді «мәдени бірегейліктің символдық маркері» екендігін зерттеу барысында дау тудырмас айғақтармен тұжырымдаған (Шон Лим Тян Гин т.б., 2021: 154).

А.В. Рудакова жалқы есімдердің психолінгвистикалық сипатына тоқтала келе, топонимдер мен гидронимдерді (гидронимдерді топонимдердің ішінен неліктен жекелеп тұрғаны белгісіз – автор) талдаудың параметриялық принципін қолданған (Рудакова, 2019: 66).

В.И. Супрун орыс ономастикасының зерттеу тұрғысынан дәстүрлі-сипаттау әдісінен шыға алмай отырғандығы жөнінде сөз қозғап, ономастикалық жүйенің онтологиялық болмысын антропоэлектік қабылдауды этно-психо-әлеуметтік, прагмалінгвистика және тілдік қатынастың басқа да аспектілері тұрғысынан қарастырғанды жөн санайды. Ғалым ономастикалық кеңістікті жаңа қырынан жүргізілген сауалнама нәтижесі негізінде айқындайды (Супрун, 2000: 4).

Сонымен, қарастырылып отырған материалдар талдауы лингвистикалық (соның ішінде әлеуметтік лингвистика мен психолінгвистика) әдістер мен тәсілдер кешенінде жүзеге асырылды. Реципиенттердің атауға деген көзқарасын айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді. Жиналған материалдарды түсіну әрі реттеу үшін дескриптік тәсілден бөлек онимдік жүйеде байқалатын заңдылықтарын әрі этнопсихологиялық салдарын анықтау мақсатында типологиялық әдіс қолданылды.

Алдағы уақытта тек зоотопонимдер негізінде емес, сонымен бірге топонимнің басқа түрлері – концептілік мазмұнда шыңы бұлтпен таласқан «Алатау», сонымен бірге ұлы тұлғаларын асқар тауға теңеген қазақ халқы үшін аса маңызды ороним, мал шаруашылығы үшін ажырамас бөлігі болып табылатын гидронимдер мен фитотопонимдерді де қарастыру қазақ топонимдерінің ұлттық мазмұнын, танымдық уәжін, атау қабылдаудағы психологиясын анықтауда маңызды әрі заман талабына сай қажеттілік. Мұндай еңбектердің нәтижесі тек лингвист-мамандар ғана үшін емес, географ, биолог, метеорологтар т.б. үшін де пайдалы болары сөзсіз.

Әдебиетке шолу

Зоотопонимдер арнайы кешенді зерттеу нысаны болмағанымен, жалпы түркі топонимдерін зерттеуіне арналған көлемді еңбектер шеңберінде, мақалалар түрінде зерттелді (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Е. Қойшыбаев, А. Ысқақов, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақ, А. Әбдірахманов т.б. (Иманбердиева т.б., 2020: 23).

Қазақстан топонимикасының дамуына өзіндік үлесін қосқан ғалым-ономаст Е.Қойшыбаев еңбегін ерекше атап өтуге болады. Ғалым Жетісу топонимдерін зерттеп, көптеген топонимдердің этимологиясын ашқан (Қойшыбаев, 1986: 5).

А. Әбдірахмановтың қазақ топонимикасының дамуына ерекше үлес қосып, 800-ден аса ойконимдер мен дромонимдерге сараптама жасаған (Әбдірахманов, 1991: 10).

Т. Жанұзақ қазақ топонимдерінің шығу төркінін, құрылымын, жасалу жолдарын зерттеген, ғалымның еңбектерін жас мамандар басшылыққа алады (Жанұзақ, 2021: 8).

Ғ. Қоңқашбаев атауларды қалыптастыруда географиялық терминдердің рөлін зерттеп, терминдердің аймақтық, жергілікті ерекшеліктеріне қатысты құнды тұжырымдар жасаған (Қоңқашбаев, 1951: 24).

О.Л. Рублева топонимдерді белгілі бір кезеңдегі елдің мәдени және әлеуметтік құрамынан

ақпарат беруші «айқын» мәдени компоненті, тілдік бірлік санайды (Рублева, 2007: 3).

С.Н. Басик сыни топонимика концепциясы шеңберінде әлеуметтік және мәдени-географиялық феномен ретінде топонимдердің коммодификация процесін зерттеген. Осының негізінде ол топонимдік коммодификацияның үш түрін көрсеткен: туристік, инфрақұрылымдық және джентрификациялық. Сонымен бірге ол топонимдердің коммодификациялануына ықпал ететін негізгі проблемалар қатарына кеңістік әлеуметтік шек пен жасанды геомәдени кеңістікті жатқызады (Басик, 2018: 59).

Ф.Г. Фаткуллина әлемнің тілдік бейнесін айқындауда топонимдердің әлеуметтік мәнін анықтау маңызды екендігін көрсеткен. Сонымен бірге ұлттың әлемнің тілдік бейнесін тану үшін ұлттың тарихи-мәдени дамуы туралы аялық білімі болу керектігіне жүгінеді, ал бұл өз кезегінде өзекті әрі тарихи ақпарат болып табылатын қысқамерзімді және ұзақмерзімді топонимикалық ақпаратта сақталатынына меңзейді (Фаткуллина, 2015: 59).

И.Карабулатова «Топоним семантикасында тек айтылым (адрестік), экстралингвистикалық не энциклопедиялық (тарихи, географиялық) емес, сонымен бірге атаудың қабылдануына әсер ететін психологиялық, эмоциялық, аффективті сәттер туралы ақпарат шоғырланған», – дей келе, адамның ойлау түріне қарай гидронимдерді кинестетикалық (Сухонькое, батпақ; Вонявка, өзен), визуалды (Ближнее, көл; Среднее, көл; Чистое, көл) және аудиалды (Сварибливка, өзен; Базариха, бұлақ) түрлеріне бөліп, мысалдармен дәйектеген. Ғалымның пікірінше, атау тіл деңгейінде тек атаумен шектелсе, айтылым деңгейінде атаудың мағынасы нысан-аталым байланысынан қалыптасып, субъективті дерек пен әр тіл иесіне тән эмоционалды жоғары дыбыстар кешеніне байланысты болады (Карабулатова, 2002: 12).

Н.Д. Голев, Л.М. Дмитриева мақалада әлем туралы түсінік жүйесі ретінде әлемнің топонимдік бейнесінің қалыптасуы дәстүрлі түрде интра- және экстралингвистикалық болып бөлінетін факторлар жиынтығымен анықталатынын алға тартып, алайда кейбір шынайы факторлардың (экономикалық, саяси, әлеуметтік) басым болатындығын дәлелдеген. Сонымен бірге күрделі топонимиялық жағдаяттарда менталды болмыс «демиург» (анықтаушы, басым – автор) болатындығына меңзеген. Мұны Фридрих Энгельс атындағы колхоз негізінде анықтап, атау қабылдаушылардың Алтайдағы көп таралған Повалиха, Ребриха, Топчиха атаулары сияқты септелгенін, яғни атау ассоциация негізінде Фридрих-ха атауы топонимдер қатарына сәйкестік бойынша тартылып, тікелей жүйе құрастырушы бастама ретінде қабылданып тұрғандығын анықтаған (Голев, 2008: 8).

Ұлттық топонимдерді зерттеу барысында Б. Тілеубердиев этномаркерлі топонимдер терминін ұсынады: «Этномаркерлі топонимдер дегеніміз – өзінің құрамында этнографизмі бар мәдени-этнографиялық ақпаратқа ие топонимдер», – дей келе, мысал ретінде *Қойсоғым қыраты*, *Қымызынай*, *Саумалкөл* т.б. топонимдерді келтіреді (Тілеубердиев, 2016: 45).

Барнаулдың орыс тіліндегі топонимдер материалдары негізінде топонимдік жүйенің онтологиялық және ментальдық болмысын зерттей отырып, Л.М. Дмитриева нақты бір микрожүйе ішінде атау қызметінің ерекшелігін, сонымен қатар берілген аймақтың әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасу ерекшеліктерін көрсетеді. Автордың пікірінше, «бұл кеңістікке тек қана топонимдер ғана емес, сонымен қатар парадигматикалық және синтагматикалық байланысы, тілдік жүйе иелерінің оларды қабылдауы кіреді», – деп тұжырымдайды (Дмитриева, 2002: 156).

Антропоэлектік парадигма тұрғысынан зерттеу негізі – адам десек, адамның қызметіне қатысты төрт түлік негізіндегі зоотопонимдер аталмыш парадигманың басты іргетасы болуы керек.

Нәтижелер және талқылау

Әлеуметтік топонимикада немесе жер-су атаулар уәжінің әлеуметтік негізінде халықтың жан-дүниесі, бітімі, болмысы сақталған, сондықтан да атау тағуда халықтың әлеуметтік тұсы мен психологиялық негіздері ұштасып жатады. Нысанды жекелеп тұрған атаудың қаншалықты ақиқаттығы екіншілік атау мәнінде анықталса, нысан мен атаудың тығыз байланысы әлеуметтік мәнде айқындалады, ал атаудың жекелік тұлғалығы оны қазіргі тіл иелерінің қабылдауынан, яғни психологиялық мәнде анықталады. Қазақстан зоотопонимі халықтың күнделікті шаруасымен, қызметімен байланысты. Мұны кесте түрінде көрсетуге болады (1-кесте).

1-кесте – Зоотопонимдердің қалыптасуындағы әлеуметтік негіздері

| № | Әлеуметтік негіз | Зоотопоним |
|---|--|--|
| 1 | Күнделікті қызметіне орай бағыт-бағдары | Айғырөткен (тұзды көл), Айғырұшқан (тау), Алаатқашар (қоныс), Атжетер (қирандылар, құрғақ құдық), Аткеткен (өзен), Қозыайдар (арық) т.б. |
| 2 | Нысанның сапалық ерекшелігі | Шұбарқұнан (көл), Құлаат (ауыл), Қоңырінген (құдық), Қаражорға (тау), Күреңат (көлтабан) т.б. |
| 3 | Әрекет, оқиғаның орын алуы | Түйебайланған (қоныс), Түйекетпес (құдық), Тайөлген (құдық), Өгізөлген (көл), Нарсойған (құдық), Лақкескен (жайлау), Құлынкеткен (өзен), Қойқырыққан (ауыл) т.б. |
| 4 | Нысанның үлкен-кішілігі | Бұқакөл (қоныс), Бұқасай (өзен), Бұзаушоқы (төбешік) т.б. |
| 5 | Зооморфтық атау | Қойтұяқ (қыстау), Ботатірсек (төбешік), Өгізмүйіз (төбе) т.б. |
| 6 | Жер рельефін белгілеу | Ақсиыр (қоныс), Алабайтал (қоныс), Байтал (тау), Алабие (қоныс), Егізлақ (құм), Өгіз (қыстау) т.б. |
| 7 | Зоонимдерге қатысты кәсіп иесін белгілеу | Жылқышы (төбешік, мола), Сиыршы (өзен), Жылқышытөбе (қоныс), Өгізшісай (өзен), Шопан (жайлау) т.б. |
| 8 | Халықтық зоомедицина | Қойтоғыт (ескі мекен) т.б. |
| 9 | Этномаркерлігі айқын атау | Биебау (қыстау), Қойтебін (қыстау), Қойсоғым (қырат) т.б. |

Кестеден көріп тұрғанымыздай, адамның белгілі бір кеңістікте күнделікті қызметіне орай бағыт-бағдары халық санасында белгілі бір нысан ретінде қалыптасқан: *Бұзау жүргенсор, Қозыайдар, Оңтүстік Тайлақкеткен, Жылқыкеткен* т.б. Бұл атаулар тұрақты (қозғалмайтын/белгілі бір жердегі) нысанды ғана емес, семада сол нысан арқылы соңғы нүкте не жүзеге асатын бағыт-бағдар жүктелген.

Ал нысанның сапалық ерекшелігі, яғни пішімі, түсі, климаты, саны төрт түлік ерекшелігімен байланысты *Бозайғыр, Ақбота, Бұрылат, Ақбұражанды, Алаатқашар, Бозіңген, Атанұлкен, Иісерген, Екіөгіз, Күреңат, Мыңжылқыжайлау, Атжақсы, Бесеішкі* т.б. топонимдерге негізделген. Зоотопонимдердің сапалық ерекшелігі нысан ерекшелігіне үстемеленіп, бірнеше қатар тұрған нысанды не «тақыр жер/шөбі шүйгін/ірі нысан» дегенді білдіруі, сонымен қатар трансонимдену негізінде қалыптасса, маңындағы нысан ерекшелігін айқындауы әбден мүмкін.

Белгілі бір әрекет, оқиғаның орын алуы да халықтың атау тағудағы әлеуметтік уәжін аңғартады: *Атберген, Атжарғанжота, Буратиген, Бұзауөлген, Ешкіқырған, Ешкіөлген, Жылқықайырған, Қарақойсойылды, Қойқоздатқан, Қойқырыққан, Лақкескен, Наршөккен, Тайбаққан, Сиырсауған, Текетұрмастөбе* т.б. Күнделікті әлеумет тұрмысында орын алатын оқиғалар атауда «ескерту/қорғау» мәнінде сақталған. Сонымен бірге сиыр сауу, нардың шөгуі, тайды бағу, қой қырқу тікелей халықтың әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат береді. Сиырды сауыншы сауады, тайды жылқышы бағады, қойдың жүнін қойшы қырқады, сондықтан *Сиырсауған, Тайбаққан, Қойқырыққан* т.б. атаулары халықтың әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты.

Сонымен қатар халық атау тағатын нысан ерекшелігіне орай өз кәсібінің негізі – төрт түлікпен салыстырып, нысанның үлкен-кішілігіне орайластырған: *Бұзаубұлақ* (кішігірім бұлақ), *Тайтөбе* (кішігірім төбе), *Түйесай* (үлкен сай), *Түйесу* («төбедегі бұлақ» не үлкен су), *Өгізқұдық* (үлкен құдық) т.б.

Атау қалыптасуында адамның рөлі мен таным маңыздылығы отандық ғалымдар еңбектерінде де сөз болған: «... жер-су аттары (топонимдер) тек қана тілде, тілдік жүйеде өмір сүрмейді, сонымен қатар адам (этнос) санасында, танымында, жадында әрбір атаудың өз орны бар. Тіл әлемі мен табиғат (кеңістік) әлемі барысында оларды байланыстыратын адам әлемі бар. Кеңістік (орта, табиғат) адам арқылы оның ойлау жүйесі, сана, танымы негізінде ғана тілде, тілдік жүйеде өз «айналық» көрінісін бере алады» (Тілеубердиев, 2016: 46).

Бұл пікір халық танымы, санасында қалыптасқан бейнелер топонимдерде көрініс табады дегенге жетелейді. Бұл қаншалықты шындыққа жанасатынын байқау үшін рецепиенттер арасында сауалнама жүргізіп, соның нәтижесін аңғаруды шештік. Рецепиенттер бойынша жас шамасы мен әлеуметтік деңгейіне шектеу қойылмады, жалпы саны 150 адамды қамтыды. Оларға «зоотопонимдердің денотаттық микрокомпоненттік мәні қандай, атау қандай әсер береді,

нені еске түсіреді» сияқты сұрақтар қойылды. Осының негізінде зоотопонимнің архисемасы ретінде топоним түрі анықталды. Мәселен: *Қозықамаған* – жайлау, *Қойыарыған* – жайлау, *Тайқамаған* – тұзды көл т.б. Денотаттық микрокомпоненттік мәнінің үстеме анықтамасы болуы мүмкін (мәселен, орналасқан жері): *Ешкіқырған* – тұзды құдық, Тұрлығұл төбешігінен оңтүстік-батысқа, Сайөтпес ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Маңғыстау ауданы, Маңғыстау облысы. Сауалнамаға қатысушылардың 15% *Қозықамаған* зоотопоним мысалы негізінде нысанды анықтаса, *Тайқамаған* зоотопонимі негізінде тек 3% ғана нысанды дәл тапқан. Ал екінші – нысанның орналасуына қатысты сұраққа тек (алынған 293 (қайталанғанын қоспағанда) зоотопонимнің) 12% шамамен мал ұстау өңірлеріне қарай нысанның орналасқан жерін анықтаған. Мысалы:

Бұзаужеген

Қостанай облысындағы төбешік

Архисемасы: географиялық нысан (0,4%), адам (25%), қасқыр (60%).

Жекелеуші семасы: Сужарған көлінен солтүстікке, Татыр көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жангелді ауданы (0%), қасқыры көп өлке (70%), ұрлық орын алған жер (20%).

Тайжамылған

1. *Шығыс Қазақстан облысындағы тұзды көл*

Архисемасы: географиялық нысан (0,4%), түн (25%).

Жекелеуші семасы: Діңгек тауынан оңтүстік-батысқа, Барақ Батыр ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Күршім ауданы (2%), белгілі бір оқиға орын алған база (1%), аспандағы жұлдыз атауы негізінде қалыптасқан географиялық нысан атауы (20%).

2. *Аттың үстіне жабатын көрпеше*

Архисемасы: матадан тігілген көрпе (жалпыншақ) (0,3%).

Жекелеуші семасы: жалпыншақ – атты жаратып, баптаған кезде тер қатпас үшін жабуға арналған жабу түрі, кейде оны сырттық дейді (0,2%).

Ойсылқара

1. *Ақтөбе облысындағы өзен*

Архисемасы: географиялық нысан (4,4%), база (25%).

Жекелеуші семасы: Діңгек тауынан оңтүстік-батысқа, Барақ Батыр ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Күршім ауданы (0,3%), түйе бағатын өлке (20%).

2. *Түйе малының пірі*

Архисемасы: пір, әулие (90%).

Жекелеуші семасы: түйе малының қорғаушысы (80%), ертегі кейіпкері (10%), түйе тұқымы (10%).

Сыырсауған

1. *Абай облысындағы өзен*

Архисемасы: географиялық нысан (0,3%), ферма (4%).

Жекелеуші семасы: Кольчуга тауынан оңтүстік-батысқа қарай, Аюқашқан өзенінің сол саласы, Құлынжүн өзенінің оң саласы, Ертіс өзеніндегі Бұқтыма бөгеніне батысынан құяды; Көкпекті ауданы (0,1%), Сыыр сауып, мал ұстауға ыңғайлы жер (65%).

2. *Сыыр сауатын адам*

Архисемасы: сауыншы (90%).

Жекелеуші семасы: сыыр сауған кезде орын алған оқиға (75%); сыыр сауған белгілі адам (3%).

Биебау

1. *Шығыс Қазақстан облысындағы қыстау*

Архисемасы: географиялық нысан (0,1%).

Жекелеуші семасы: Зайсан ауданындағы қыстау (0,1%), бие байлайтын жер (45%).

2. *Дәстүр*

Архисемасы: сәуір айында қонаққа шақыратын мезгіл (20%).

Жекелеуші семасы: Бие байлап, қымыз ашытқаннан кейін алғашқы қымызға көрші-қолаңын шақыру дәстүрі (Қалиев, 2014: 28) (30%), салт (70%), жәндік (дәуіт) (9%).

*Ақбақай*1. *Жамбыл облысындағы ауыл*

Архисемасы: географиялық нысан (0,4%).

Жекелеуші семасы: Мойынқұм ауылынан солтүстікке қарай 96 км-дей жерде, Желтаудың оңтүстік-батыс беткейінде орналасқан; Мойынқұм ауданы (0,1%), арғымақ (15%).

2. *Бәйге аты*

Архисемасы: сәйгүлік, бәйгеге шабатын ат (40%).

Жекелеуші семасы: тұлпар, жылқышының бәйге аты (30%), белгілі ән (70%).

Ақбақай атауының бірнеше уәжі бар: Мойынқұм ауданы құмды алқап болғандықтан, оны мекендейтін жабайы аңдар – ақбөкендердің қырылып, олардың бақайларының көптеп кездесуіне байланысты аталған болуы керек (Иманбердиева т.б., 2021: 79); жылқышы Орақтың бәйгеге қосатын арғымағы. Осыған байланысты халық арасында аңыз тараған: Әбілқайырдың тұңғышы Шах-Будақ сұлтанның асындағы бәйгеге жылқышы Орақтың жалғыз Ақбақайы қосылмады. Қарақшылар құйрығына құбыжық байлап, елден аластатып жіберген. Құбыжығы – иесі (argymaq.kz). Бұл атау прецедентті феномен болып саналады, халық арасында көпке танымал ән негізінде де сақталған.



1-диаграмма – Зоотопонимдердің денотаттық микрокомпоненттік мәні

Жекелеуші сепадағы топонимдердің параметриялық ерекшелігі айқын әрі ұқсас болды, мәселен: орналасқан жері, әулиелік, тылсым күш, мал бағуға қолайлылық. Бұл халықтың ортақ кәсібі, ортақ наным-сенімін аңғартады.

Ұлттық-прецедентті атаулар – қандай да бір этнолингвомәдени қауымдастықтың кез келген өкіліне белгілі және ұлттық когнитивті базаға жататын феномендер, дегенмен оларды тану үшін аялық білім қажет (Караулов, 1987: 49).

Бір аудан көлемінде зоотопонимдерді зерттеген географ-ғалымдардың пікірінше, төрт түлік атауларынан жасалған зоотопонимдер, негізінен, тау және су нысандарына көптеп тағылған (Егинбаева т.б., 2022: 42). Сондықтан да болар, тау, су нысандарын атау бойынша анықтау аса қиын болмады. Оған қоса рецепиенттер атау негізінде нысанды анықтауда ассоциация негізіне сүйенген болуы мүмкін.

Денотаттық микрокомпоненттің хабарлаушы (жеткізуші) бөлігінде зоотопонимдердің экстра байланысын сипаттайтын ассоциациялар қамтылған:

- «метафоралық үстеме, яғни симилиятивтік байланыс»: *Атантүйе* – «шөл кемесі»; *Атжетер* – «ер қанаты» т.б.

- «прецедентті мәтіннің өзектіленуі»: *Ойсылқара* –

Жылқы атасы – Қамбар ата,

Сиыр атасы – Зеңгі баба,

Түйе атасы – *Ойсыл қара*,

Қой атасы – *Шопан ата*,

Ешкінің иесі – Сексек ата.

Ақбақай –

Ат қайда *Ақбақайдай* шаппай желген,

Қыз қайда құдашадай көзі күлген.

Алыстан ат арытып келгенімде,

Шақыртпай еш адамға өзі келген.

Ахау-ау, сәулем-ай,

Өзі келген-ай,

Аха-ха-ау арманай (Ander.kz).

• «тұрақты тіркестің өзектіленуі»: *Атжал – Ат жалында* – қару-жарағын құрсаңа әбзелі жарасқан ат үстіндегі жігіт; *Ақтүйе – Ақ түйе* – «ақ түйенің қарны жарылды» – қуанышты хабар; *Нар – Нар жігіт* – алып, мықты жігіт т.б.

И.А. Королёваның пікірінше, «кез келген географиялық нысанды атау тек таза лингвистикалық үдеріс емес және ол тек жай ғана белгілеумен шектелмейді. Лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпараттың толыққанды болуы қандай да бір халықтың нақты кезеңдегі мәдени-тарихи және ұлттық бірегейлік ерекшелігімен байланыста көрініс табушы бірлік болуға мүмкіндік береді» (Королёва, 2011: 262).

Байқап отырсақ, зоотопонимдер – екіншілік атау нәтижесі ретінде халықтың болмысын айқындаушы әлеуметтік-психологиялық код: бір жағынан – мәдени таным, екінші жағынан – тұрмыс тіршілік, үшінші жағынан – белгі, нысан.

Қорытынды

Сан ғасырлап жиналған зоотопонимдердегі ақпарат негізінде әлеуметтік мәнің болуы заңды, себебі төрт түлікке қатысты ғасырлап жиналған тәжірибе: жылқы баптау, қой қырку, мал сою, малға ыңғайлы соқпақ жол табу т.б. атауларда көрініс таппаса, қазақ халқының о бастағы тұрмыс-тіршілігі осы кезге дейін жетпес еді, яғни сабақтастық болмас еді.

Осы сабақтастықтың негізінде атауды қабылдау психологиясы да тілдегі бар сөздік қордың байланысын көрсетеді, себебі зоотопонимдер – екіншілік атау нәтижесі.

Мал шаруашылығының қыр-сырын ғасырлап меңгерген қазақ үшін осы кәсіппен сабақтасып жатқан «әулиелік» те атауда көрініс тапқан, яғни мал бағу кәсібі тілдегі көрініс тапқан бірліктер негізінде халықты/ұлтты ұйыстырушы фактор болғандығының дәлелі – зоотопонимдер.

Атаудың лингвистикалық және экстралингвистикалық мәліметтері атау беру уәжін, атау тағудағы әлеуметтік-тарихи ассоциациясын, атауды қабылдаудағы тіл иесінің таным-түсінігі мен талғамын айқындайды, яғни зоотопонимдерді әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан зерттеу әлемнің топонимдік (зоотопонимдік) бейнесін анықтауда маңызды.

Ойымызды қорыта келе, зоотопонимдердің экстра байланысын сипаттайтын ассоциациялар, яғни тіл иесінің атауды қабылдаудағы таным-түсінігі симилиативтік байланыс, прецедентті мәтін, тұрақты тіркесті өзектілендірген. Ал бұл өз кезегінде әлеуметтің зоотопонимдерді прецедентті есім (Ойсылқара), метафоралық тіркес: «шөл кемесі», «ер қанаты», тұрақты тіркес мағынасы: қуанышты хабар, мықты жігіт сияқты ақпарат жиынтығы ретінде қабылдайды дегенді білдіреді, яғни халықтың ғасырлап жинаған ұлттық дәстүрлі идеологиясы осы атауларда сақталған.

Халықтың құндылықтары өзгеріп, дамып отырады, әр кезең мен дәуірде сол халықтың өзіндік әлемнің топонимдік бейнесі түзілді деп тұжырым жасауға болатыны, алайда ол бейне уақыт өте келе мүлдем құрымайды, қайта өзгеріп, толығып отыратыны дәлелденді.

Болашақта атаулардың қалыптасуы/қабылдануындағы әлеуметтік, психологиялық негіздерін анықтау ұлттық ономастикалық корпус түзуде, жаңа атаулардың қалыптасуында ғана емес, сонымен бірге кең мағынада, жалпы қазақ ұлтының болмысын, табиғатын, ұлт ретінде қалыптасу себептерін айқындауда маңызды.

Мақала ҚР ҒЖБМ қаржыландырып отырған «AP14871055 Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептінің өрісі» ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

Абдрахманов А. (1991) Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана // Научный доклад по опубликованным трудам, представленный к защите на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алма-Ата, 1991. – 58 с.

Ақбақай (текст) – Ander.kz

Басик С.Н. (2018) Коммодификация топонимии как феномен социально-экономической и культурной географии // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Естественные науки. – 2018. – №2. – 146 с. DOI: 10.18384/2310-7189-2018-2-59-70

Голев Н. Д., Дмитриева Л. М. (2008) Единство онтологического и ментального бытия топонимической системы (к проблематике когнитивной топонимики) // Вопросы ономастики. – 2008. – №5. – 207 с.

Дмитриева Л.М. (2002) Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая). – Барнаул, 2002. – 367 с.

Егинбаева А.Е., Сапаров Қ.Т. (2002) Зоонимдердің Шет ауданы топонимдерін жасаудағы орны мен ерекшеліктері // Гидрометеорология и экология. – 2022. – №3. – С. 40-48.

Жанұзақ Т. (2021) Еңбектерінің толық 5-томдық жинағы. – Алматы, 2021.

Иманбердиева С.Қ., Құламанова З.Ә., Бекенова Г.Ш. (2021) Жамбыл облысы топонимдерінің кестелік сөздігі. – Нұр-Сұлтан: Қайнар, 2021. – 465 б.

Иманбердиева С.Қ., Тойшыбаев З., Мәлікова С.З. (2020) Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан: «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КЕАҚ, 2020. – 788 б.

Карабулатова И.С. (2002) Русская топонимия в этнопсихолингвистическом аспекте: дисс. ... доктора филол. наук. – Тверь, 2002. – 501 с.

Караулов Ю.Н. (1987) Русский язык и языковая личность. – М.: Русский язык, 1987. – 264 с.

Конкашпаев Г.К. (1951) Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР, серия географ. – Алма-Ата, 1951. – С. 24-30.

Королёва И.А. (2011) Языковые и культурные контакты в русско-белорусском приграничье // Актуальные проблемы приграничных районов Беларуси и Российской Федерации. Материалы международной научно-практической конференции. – Витебск, 2011. – С. 261-264.

Қалиев Б. (2014) Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.

Қойшыбаев Е. (1986) Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 256 б.

Ораз А. (2017) Жылқысы кіл көкмойнақ бұл өңірдің. – Арғымақ Ұлттық танымдық порталы (argymaq.kz).

Рублева О.Л. (2007) О лингвострановедческом потенциале топонимов и о соответствующем словаре [Электронный ресурс] // Россия – Восток – Запад. Проблемы межкультурной коммуникации. Материалы научно-практической конференции. – 2007. – Режим доступа: <https://www.toponimika.ru/index.php?id=80>

Рудакова А.В. (2019) Специфика психолингвистического описания семантики топонимов // Вестник ВГУ. Серия: Филология. Журналистика. – 2019. – №1. – 175 с.

Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал: автореф. ... доктора филол. наук. – Волгоград, 2000. – 80 с.

Тілеубердиев Б. (2016) Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі // Ономастикалық хабаршы. – 2016. – №2 (32). – 100 б.

Фаткуллина Ф.Г. (2015) Топонимы как компонент языковой картины мира // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – №1.

Shaun Lim Tyan Gin, Francesco Perono Cacciafoco. Toponyms as a Gateway to Society in: Old World: Journal of Ancient Africa and Eurasia. Volume 1 Issue 1 (2021) (brill.com)

References

Aqbaqaj (tekst) – Ander.kz (in Kazakh).

Abdrakhmanov A. (1991) Istoriko-jetimologicheskoe issledovanie toponimov Kazakhstana. – Nauchnyj doklad po opublikovannym trudam, predstavlenyj k zashhite na soiskanie uchenoj stepeni doktora filologicheskikh nauk. [Abdrakhmanov A. (1991) Historical and etymological study of toponyms of Kazakhstan. – Scientific report on published work, presented to protect the competition of the academic degree of doctor of philological sciences]. – Alma-Ata, 1991. – 58 s. (in Russian)

Basik S.N. (2018) Kommodifikacija toponimii kak fenomen social'no-jekonomicheskoi i kul'turnoi geografii [Basik S.N. (2018) Commodification of toponymy as a phenomenon of socio-economic and cultural geography]. – Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Serija: Estestvennyje nauki. – 2018. – №2. – 146 s. DOI: 10.18384/2310-7189-2018-2-59-70 (in Russian)

Dmitrieva L.M. (2002) Ontologicheskoe i mental'noe bytie toponimicheskoi sistemy (na materiale russkoj toponimii Altaja). [Dmitrieva L.M. Ontological and mental existence of the toponymic system (on the material of the Russian toponymy of Altai)] – Barnaul, 2002. – 367 s. (in Russian)

Eginbaeva A.E., Saparov K.T. (2022) Zoonimderding Shet audany toponimdering zhasaudagy orny men erekshelikteri [Eginbaeva A.E., Saparov K.T. (2022) The position and features of zoonyms in the creation of toponyms of Shet district]. – Gidrometeorologija i jekologija. – №3. – 2022. – S. 40-48. (in Kazakh)

- Fatkullina F.G. (2015) Toponimy kak komponent jazykovoj kartiny mira [Fatkullina F.G. (2015) Toponymy as a component of the language picture of the world]. – Contemporary problems of science and education. – Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2015. – №1-1. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=18126> (in Russian)
- Golev N. D., Dmitrieva L. M. (2008) Edinstvo ontologicheskogo i mental'nogo bytiya toponimicheskoy sistemy (k problematike kognitivnoj toponimiki) [Golev N. D., Dmitrieva L. M. (2008) The unity of ontological and mental existence of the toponymic system (to the problem of cognitive toponymy)]. – Voprosy onomastiki. – 2008. – №5. – 207 s. (in Russian)
- Imanberdieva S.Q., Qulamanova Z.Ə., Bekenova G.Sh. (2021) Zhambyl oblysy toponimderining kestelik sozdigi. [Imanberdieva S.K., Kulamanova Z.A., Bekenova G.Sh. (2021) Tabular dictionary of toponyms of Zhambyl region]. Nur-Sultan: Qajnar, 2021. – 465 b. (in Kazakh)
- Imanberdieva S.Q., Tojshybaev Z., Malikova S.Z. (2020) Soltystik Qazaqstan oblysy toponimderi.– Nur-Sultan: «Shajsultan Shajahmetov atyndagy «Til-Qazyna» ulttyq gylymi-praktikalyq ortalygy» KEAQ, 2020. – 788 b. [Imanberdiyeva S.K., Toyshibayev Z., Malikova S.Z. (2020) Toponyms of the North Kazakhstan region] (in Kazakh)
- Karabulatova I.S. (2002) Russkaja toponimija v jetnopsiholingvisticheskom aspekte. [Karabulatova I.S. Russian toponymy in ethnopsycholinguistic aspect]: diss. ... doktora filologicheskikh nauk. – Tver, 2002. – 502 s. (in Russian)
- Karaulov Ju.N. (1987) Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. [Karaulov Yu.N. (1987) Russian language and linguistic personality]. – M.: Russkij jazyk, 1987. – 264 s. (in Russian)
- Konkashpaev G.K. (1951) Kazahskie narodnye geograficheskie terminy. [Konkashpayev G.K. (1951) Kazakh folk geographical terms]. Izvestija AH KazSSR, serija geograf. – Alma-Ata, 1951. – S. 24-30.
- Koroljova I.A. (2011) Jazykovye i kul'turnye kontakty v rusko-beloruskom prigranich'e. [Koroleva I.A. (2011) Language and cultural contacts in the Russian-Belarusian border area. – Current problems of border areas of Belarus and the Russian Federation]. – Aktual'nye problemy prigranichnyh rajonov Belarusi i Rossijskoj Federacii. Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Vitebsk, 2011. – S. 261-264. (in Russian)
- Oraz Abaj (2017). Zhylqysy kil kokmojnaq bul onirding. – Argymaq Ulttyq tanyndyq portaly (argymaq.kz). [Abai Oraz. The horse Kil kokmoynak of this region. – Argymak national educational portal (argymaq.kz).] (in Kazakh)
- Qaliev B. (2014) Qazaq tilining tysindirme sozdigi. [Kaliev B. (2014) Kazakstan tilinin tysindirme sözdiri]. – Almaty, 2014. – 728 b. (in Kazakh)
- Qojshybaev E. Qazaqstannyngh zher-su attary sozdigi. [Koishybayev Y. (1986) Kazakhstan zher-su attara sozdigi]. – Almaty: Mektep, 1986. – 256 b.
- Rubleva O.L. (2007) O lingvostranovedcheskom potencie toponimov i o sootvetstvujushhem slovare [Elektronnyj resurs] [Rubleva O. L. (2007) On the linguistic and cultural potential of toponyms and the corresponding dictionary [Electronic resource]. – Rossiya – Vostok – Zapad. Problemy mezhkul'turnoj kommunikacii. Materialy nauchno-prakticheskoy konferencii. – 2007. – Rezhim dostupa: <https://www.toponimika.ru/index.php?id=80> (in Russian)
- Rudakova A.V. (2019) Specifika psiholingvisticheskogo opisaniya semantiki toponimov [Rudakova A.V. (2019) Specifics of the psycholinguistic description of the semantics of toponyms]. – Vestnik VGU. Serija: Filologija. Zhurnalistika. – 2019. – №1. – 175 s. (in Russian)
- Shaun Lim Tyan Gin, Francesco Perono Cacciafoco. Toponyms as a Gateway to Society in: Old World: Journal of Ancient Africa and Eurasia. Volume 1 Issue 1 (2021) (brill.com) (in English)
- Suprun V.I. (2000) Onomasticheskoe pole russkogo jazyka i ego hudozhestvenno-jesteticheskij potencial [Suprun V.I. (2000) Onomastic field of the Russian language and its artistic and aesthetic potential]: avtoref. ... doktora filol. nauk. – Volgograd, 2000. – 80 s. (in Russian)
- Tileuberdiev B. (2016) Qazaq onomastikasyndagy duniening (galamnyng) toponimijalyq bejnesi [Tileuberdiev B. (2016) Toponymic image of the world (universe) in Kazakh onomastics]. – Onomastikalyq habarshy. – №2 (32) – 2016. – 100 b. (in Kazakh)
- Zhanuzaq T. (2021) Enbekterining tolyq 5-tomdyq zhinagy. [Zhanuzaq T. (2021) Complete 5-volume collection of works]. – Almaty, 2021. (in Kazakh)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 16.01.2024